ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru

университет студенттерінің үні

№13 (459) 30 қыркүйек 2018 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ ҒҰМЫРЫ 10 ҒАСЫРҒА ҰЗАРТЫЛДЫ

Тәңірлік дәуір әдебиеті арнайы зерттелініп, түркілердің сол дінінің негізі – поэзия тілінде жасалған «Авеста» шығармасында жазылғанын мәлімдеді. Соған сәйкес, бабалар қалыптастырған салиқалы дүниенің негізі – б.з.б. YIII ғасырда толық жасалынған «Авеста» шығармасында жатқаны ғылыми тұрғыда тұжырымдалып, әдебиетіміздің түп-төркіні 10 ғасырға ұзартылды.

2 Бетте

### КАРТОЧКАЛЫҚ ЖҮЙЕМЕН ТАМАҚТАНУ ТИІМДІ МЕ?

«Халық банкі» мен «Казкоммерцбанктің» бірігуіне байланысты 2-3 айға дейін карточка терминалдары уақытша жұмыс істемейді. Сондықтан барлық ғимараттарда орналасқан көп функционалды, түсіндіре айтсам, телефон бірліктерін салып жүрген терминалдардан карточкаларына ақша салуларына болады. Қызметкерлер мен студенттерге қолайлы болу үшін терминалдарға қосымша функциялар енгізілді.

2 Бетте

### РЕКТОРМЕН ӘН САЛҒАН СТУДЕНТ

«Дарын-2018» байқауында композитор Әлімбай Ботақараев «Гүл мекенім - Түркістан» деген әнін сыйға тартқан болатын. Толық авторлық сертификатпен. Менің авторлық әнім және жетістігім деп ойлаймын. Келешектегі арманымның бірі-күлкілі көрінетін шығар, бірақ Әнұранымызды айтқым келеді. Соған қол жеткізгім келеді. Дауысым да келеді деген ойдамын

4 Бетте

### ӘЛЕМНІҢ ЕҢ АҚЫМАҚ ЗАҢДАРЫ

* Уругвайда түрі акулаға ұқсайтын студент емтиханнан автоматты түрде өте алады.
* Үндістанда студенттерге сабақ кезінде жастық беріледі, тек бір шарт - қорылдауға болмайды.
* Сербияда студент басында қайызғағы бар оқытушыға емтихан тапсырмауға құқылы.

8 Бетте

# РЕКТОР ҮЗДІК СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



**Университет президенті Болатбек Абдрасилов үздік студенттермен кездесті. Студенттер арасында Назарбаев Зияткерлік, Дарын мектептерінің, «Білім-инновация» мектеп-лицейінің түлектері, «Алтын белгі» иегерлері, Халықаралық Олимпиадалардың жеңімпаздары, сонымен қатар бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижесі бойынша ең жоғары балл нәтижесін көрсеткен студенттер де бар.**

Кездесуді Кәсіби бағдар бөлімінің басшысы Ұлдарай Төреқұлова жүргізді. Жиналысқа Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Өмірбек Үмбетов, Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Шолпан Есімова да қатысты. Кездесу барысында ректор студенттер игілігі үшін жасалынып жатқан жұмыстарды да тілге тиек етті. Жастарды уақытты тиімді пайдалануға, ғылымды тереңдетіп дамытып, білімді тәжірибемен ұштастыруға, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Заманауи технологияны пайдалану жайы кеңінен әңгімеленді. Білімгерлер тарапынан қойылған сауалдарға толық жауап берілді.

Студенттік ректор, халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы Д.Берікбаев, «OZAT» үздік студенттер қауымдастығының төрағасы, халықаралық ғылыми жобаларды ұйымдастырушы Ш. Қанат студенттер атынан осындай кездесу өткізіп жастармен емен-жарқын әңгімелескен университет басшысына алғыстарын жеткізді. Іс-шара соңында оқу ордамыздың басшысы Б.Серікбайұлы білімді ұрпақ ел тірегі екенін айта келіп, студенттерді мықты идеясы бар маман болуларына тілектестік ниетін білдірді.

**ЯУ-ақпарат**

СҮЙІНШІ

## СПОРТ ШЕБЕРІ АТАНДЫ

**Оқу ордамыздың «Өнер» факультеті, дене тәрбиесі мамандығының 3-курс студенті Дінмұхаммед Зубайраға Қазақстан Республикасы белбеу күресінің спорт шебері атағы берілді**

ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жақыпбек Қасымбековтың бабтап, сайысқа қосқан шәкірті Дінмұхаммед жақында еліміздің жастар арасында өткен біріншілігінде белбеу күрестен жеңімпаз болып оралған еді. Оны алда үлкен сайыс күтіп тұр. Қараша айында Ресей мемлекетінің Қазан қаласында өтетін жастар арасындағы Әлем чемпионатына жолдама алған Дінмұхаммедті жетістіктерімен құттықтаймыз! Әлем жастарын мойындатып, жеңімпаз болып оралуына тілектеспіз.

## ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



**Жуырда «Өнер» факультетінің студенттері Нұрсұлтан Серәлі мен Салтанат Сұлтанбекова ерлер мен әйелдер арасында өткен турнирде дзюдодан жүлделі орындарды иемденіп қайтты.**

Астана қаласының 20 жылдығына және КСРО спорт шебері М.Чегеевті еске алуға арналған халықаралық спорт додасында Н.Серәлі I орынды, С.Сұлтанбекова III орынды қанжығасына байлады. Университет намысын қорғап жүрген спортшыларымызды жеңістерімен құттықтаймыз! Студенттерді спортқа баулып жүрген бапкерлері Ж.Қасымбековтың да еңбегі ерен екенін айта кеткен жөн.

## ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУҒА АРНАЛДЫ

**Университетімізде Елбасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында цифрлық сауаттылықты арттыруға арналған семинар өтті. Маңызы зор жиналысқа университет оқытушы-профессорлар құрамы мен барлық бөлім қызметкерлері қатысты.**

Аталмыш семинарды Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Шолпан Есімова және Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Жанәлі Дәрібаев ұйымдастырды. Семинарда ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының бас маманы Гүлжан Мұсабекова 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясы және оны іске асыру бойынша 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері туралы кеңінен айтты. Тақырыпқа сәйкес арнайы бейне роликтер көрсетілді. Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі жайлы да айтылды.Сондай-ақ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы филиалының Түркістан қалалық №1 бөлімінің маманы Амантай Егембердиев «Электрондық үкімет» порталындағы (eGov.kz) жаңалықтарды айтты. Қолжетімді электрондық қызметтерді алу тәсілдері туралы түсіндірме жұмысын жүргізді. Түркістан қалалық халыққа қызмет көрсету орталығының мамандары жеке куәлікке ЭЦҚ кілттерін жазып беру бойынша сапалы қызмет көрсетті. Үш күнге созылған базалық курсқа құрылымдық бөлім басшылары, оқытушы-қызметкерлер, студенттер қатысып, маңызды мәлімет алды.

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ ҒҰМЫРЫ 10 ҒАСЫРҒА ҰЗАРТЫЛДЫ

**Оқу ордамыздың ұстазы, белгілі ғалым, танымал жазушы Тоқболат Еңсегенұлының үш бірдей кітабы жарық көрді. Көне түркі әдебиеті тарихын тереңдете зерттеген ғалымның соңғы «Авеста» туралы аса тың деректермен толықтырған монографиясында әдебиетіміздің ғұмырын 10 ғасырға ұзартылғаны ғылыми негізде тұжырымдалды.**




Көне түркі әдебиеті тарихын халықаралық деңгейде зерттеп жүрген белгілі ғалым, жазушы, ұстаз Тоқболат Еңсегенұлының көп томдық шығармалар жинағының IX томы «Авеста» – тәңірлік дін негізі, қазақ әдебиеті мен философиясының архетиптері»; X том – «Авестадағы» заңдар жинағы және қазақ әдеп-ғұрып қағидалары», XI том – «Мәңгілік сағыныш» деген атпен жарық көрді.

Тоқболат Еңсегенұлының тоғызыншы томына кірген – «АВЕСТА» тәңірлік дін негізі, қазақ әдебиеті мен философиясының архетиптері» (Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2018ж) атты монографияда ежелгі бабалар жасаған рухани байлықтар шоғырланған Тәңірлік дәуір әдебиеті арнайы зерттеліп, түркілердің сол дінінің негізі – поэзия тілінде жасалған «Авеста» шығармасында жазылғанын мәлімдеді. Осы қасиетті шығарманың дәуірін, туған жерін, кім жасағанын, қай аймақтарға тарағанын және біздің бабаларымыздың осы дінге табынғанын және ежелгі ата дәстүрі, даналық мұралары мен өмір сүру жолдары, мифтік шығармалары, келелі аңыздары, табиғатқа табыну нанымдары, негізгі кәсіптері сол қасиетті шығарманы жасауға арқау болғанын тарихи-типологиялық, синтездік негізде тереңдете талдау жасау арқылы мәлімдейді. Соған сәйкес, бабалар қалыптастырған салиқалы дүниенің негізі – б.з.б. YIII ғасырда толық жасалынған «Авеста» шығармасында жатқаны ғылыми тұрғыда тұжырымдалып, әдебиетіміздің түп-төркіні 10 ғасырға ұзартылды.

Ал оныншы томында – «Авестадағы» заңдар жинағы және қазақ әдеп-ғұрып қағидалары» (Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2018ж) атты еңбегінде қазақ халқының ежелден қалыптасқан дәстүр, ырым, әдет-ғұрып, жоралары мен даланың әділет, құқық, билік заңдары «Авестадағы» заңдармен салыстыра зерттеп, бағзы замандағы аталар жасаған мәдениет, әдебиет, әдет-ғұрып тарихымыздың төркіні тереңде жатқанын ғылыми негізде дәлелдеу болып табылады. Қасиетті «Авеста» шығармасы әлемде бақытты заман орнатуды, адам ғұмырын ұзартуды, тыныш заман құруды көздейді. Сол үшін жаманшылыққа қарсы заң шығарған. Демек, әрбір адамға саналылықпен біліп өмір сүрудің жолын меңзейді.

«Мәңгілік сағыныш» (Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2018ж) атты он бірінші томы – повестер, әңгімелер, хикая, новеллалардан тұрады. Осы кітаптатың атымен берілген әңгімеде өмір қайшылықтан тұратыны, сондайда әділетсіздік көбіне озып кетіп салтанат құруға ұмтылуы бейнеленеді. Бұл күрделі мәселенің түйіні – әлі де сананың, ой-өрістің биіктігі әрқилы деңгейде екенін байқататын сияқты. Ал жинаққа енген «Бақ құсы» повесінің негізі өзегі – адамды, ұлттық дәстүрді, ана тілінді сүю және адамгершілік пен ұрпақ бесігін тербету. Шығарма философиялық толғамдар арқылы оқырманды терең ойға жетелейді. Кітапқа енген он бес шығарманың барлығы көркем ойға құрылған

**Э.ҚАЛЫБАЙҚЫЗЫ**

# КАРТОЧКАЛЫҚ ЖҮЙЕМЕН ТАМАҚТАНУ ТИІМДІ МЕ?

**Университетіміздің барлық асханалары мен буфеттерінің карточкалық жүйеге өткеніне де жылға жуықтап қалды. Мұндай жүйеге көшудегі мақсат: ұзын-сонар кезекті азайту, тағамдарға үстеме баға қойып сатудың жолын кесу және сырттан келген адамдардың студенттерге арналған арзан тағамға құмарлығын болдырмау. Енді осы жүйенің қалай жұмыс істеп тұрғанын қызметкерлер мен студенттерден сұрастырып көрелік:**




**С.Доған,қызметкер:**

– Карточкалық жүйе, әрине, жақсы. Әрі әркениетті, әрі арзанға түседі. Бір қолайсыздығы, буфеттерде карточкаға ақша салатын терминалдардың қарастырылмауы. Студенттер асханасындағы жалғыз терминал оқу жылы басталғалы бері жұмыс істеп тұрған жоқ. Тағы бір ыңғайсыз тұсы, карточкаңда қанша ақша қалғанын алдын-ала көре алмайсың.

**К.Фархатова, стоматология факультетінің 1-курс студенті**: – Сабақтан үзіліс кезінде буфетке жүгіріп барып шай іше алмай қалдық. Барлығы карточкамен жұмыс жасайды екен. Ал банкке барып карточканы аштыруға уақытымыз жоқ. Барған күнде де онда кезек. Сабақтан қол тимейді. Сондықтан біз университеттің сыртындағы фасфудтан немесе дүкендерден тамақтанғанды жөн көреміз.

**Р.Рашидов, медицина факультетінің 3-курс студенті**: – Ұмытшақпын. Карточкамды көбіне үйде ұмытып кетемін. Асхана мен буфеттер карточкамен бірге қолма-қол сауда жасауды да ұйымдастырса, жөн болар еді.

**Д.Сайдуллаева, 3-курс студенті**: – Менің ойымша өте тиімсіз. Қазір ғана бөлмедегі 6 қыз 1 қыздың карточкасына тіркеліп келдік. Ақша салу үшін терминалды ұзақ іздедік. Шаршап кеттік. Негізі мен ғана емес, құрбыларым да қолма-қол сауда жасаудың жеңілірек екендігін айтуда. Әрі бұл университет бюджетіне тиімді.

**А.Беркімбаев, медицина факультетінің 3-курс студенті**: – Карточка жүйесі дұрыс жұмыс жасап тұрса, университетке де, бізге де тиімді болар еді. Бірақ, олай емес қой. Терминал жоқ. Карточкаға ақша салып қоюға өне бойы жағдай көтере бермейді. Сондықтан көбіне аш қаламыз. Амал жоқ сырттағы дүкендерден сауда жасауға тура келеді. Сондықтан терминалды көбейтсе дұрыс болар еді.

**А.Баялиева, №1 ғимараттың буфетшісі:**

– Міне, карточканы тіркеп отыратын компьютерім жұмыс істемей қалды. Мына отырған студенттердің жартысы ақшасын әлі төлеген жоқ, тамақ ішіп отыр. Қазір қоңырау аяқталады. Не істейміз? Маған төлем жасағаны керек, ал оларға сабақтан кешікпеу керек. Қолма-қол сауда жасаған кезде аптасына 30-40 мың теңгеге дейін сауда жасаушы едік. Қазір 10 мыңға да жетпейді.

**М.Құлбайымбетова, буфетші**: – Бізге карточка бола ма, қолма-қол сауда бола ма бәрібір. Студенттер көп шағымданатын сияқты. Соларға тиімсіз болып тұр. Қолма-қол сауда жасаған кезде аптасына 60 мың теңгеге дейін сауда жасайтынбыз. Қазір 15 мыңға әзер толтырып жүрмін. Осының өзі-ақ студенттердің буфетке қаншалықты кіретінін байқатса керек.

* * *

Осы мәселе жөнінде «Студент» асхана кешені бөлімінің басшысы **Бақытжан Айдаровтың** да пікірін білдік:

– «Халық банкі» мен «Казкоммерцбанктің» бірігуіне байланысты 2-3 айға дейін карточка терминалдары уақытша жұмыс істемейді. Сондықтан барлық ғимараттарда орналасқан көп функционалды, түсіндіре айтсам, телефон бірліктерін салып жүрген терминалдардан карточкаларына ақша салуларына болады. Қызметкерлер мен студенттерге қолайлы болу үшін терминалдарға қосымша функциялар енгізіп қойдық. Ол азғантай пайыз ғана ұстайды. 1-курс студенттері карточканы «Халық банкіне» барып аштыруы тиіс. Ал карточкамен бірге қолма-қол сауда жасау мәселесі басшылармен талқылануда.

**Студенттермен бірге рейдте болған: Эльмира АРТЫҚБАЕВА.**

## АПТА АЙШЫҚТАРЫ

**САЙЛАНДЫ**. Университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясы төралқасының шешімімен ҚазҰЖҒА-ның Түркістан бөлімінің төрағасы болып сайланды.

***

**ТАНЫСТЫ**. Жуырда университет президенті Болатбек Абдрасилов қазақ тарихында үлкен маңызға ие орта ғасырлық Сығанақ қаласындағы археологиялық қазба жұмыстарымен танысып қайтты.

Сапар барысында тарихи жәдігерлермен жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Университетіміздің Археология ғылыми-зерттеу институты ғалымдарының 2018 жылы атқарған далалық зерттеу жұмыстарына қанықты.

***

**КЕЗДЕСТІ**. Университет басшысы Болатбек Абдрасилов оқу орданың белсенді студенттерімен кездесті. Білімгерлер игілігі үшін жасалып жатқан жұмыстарды, білім жүйесіне қатысты жаңалықтарды жеткізді. Студенттер көкейлеріндегі сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін айтты. Болатбек Серікбайұлы жастардың ұсыныстарын, сауалдарын мұқият тыңдап, нақты жауап берді.

***

**КЕҢЕС ӨТТІ**. Мәдениет орталығының кіші мәжіліс залында кезекті Басқару Кеңесі өтті. Өкілетті кеңестің төрағасы Мұса Йылдыз, университет Президенті Болатбек Абдрасилов және университеттің I вице-президенті Женгиз Томар қатысқан кеңесте күн тәртібіне сәйкес өзекті мәселелер қаралды. Кеңесте академиялық тексеру комиссиясының, әкімшілік және қаржылық тексеру комиссиясының қорытындысы негізінде кемшіліктерді жою мәселесі талқыланды. Сондай-ақ, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2018 жылғы ғылым саласындағы сыйлығына және мемлекеттік ғылыми стипендияларға ізденіс конкурсына университет ғалымдарының құжаттарын ұсыну мәселелері сөз болды.

***

**ДӘРІС ӨТТІ**. Әлішер Науаи атындағы Ташкент өзбек тілі және әдебиеті университетінің доценті Муяссар Сапарниязова «Әлем тілдері және халық әдебиеті» тақырыбында студенттерге дәріс өтті.

***

**ҚАБЫЛДАУ**. Университет президенті Болатбек Абдрасилов Таяу Шығыс техникалық университетінің (ODTÜ, Түркия) профессоры Мелахат Білге Демиркөзді қабылдады. Болатбек Серікбайұлы оқу орда ғалымдарына, студенттеріне дәріс оқуға келген Түркия ғалымы М.Демиркөзге алғысын білдіріп, кәде сый табыстады.

**ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ. Түркістан облысының Ішкі саясат басқармасының басшысы Бейсенбай Тәжібаев университетіміздің журналистика мамандығының студенттерімен кездесті. Жиынға Облыстық Ішкі саясат басқармасының бірқатар қызметкерлері мен университет басшылары, оқытушылар қатысты.**

Мекеме басшысы студенттердің жаңа технологияны меңгеріп, тың идеяларды жүзеге асыруға деген құлшыныстарына ерекше тәнті болды. Сондай-ақ, білімгерлер арасынан «Ерікті тілшілер» ұйымын құрып, Түркістанның ақпаратпен толықтай қамтамасыз етілуін қолға алмақ.

Кездесу барысында Бейсенбай Тәжібаев көпшілікті «ТАҢҒАЖАЙЫП ТҮРКІСТАН» байқауымен де таныстырды. Жаңа жобаға 2018 жылдың 14 қыркүйегінен - 12 желтоқсанға дейін жарияланған материалдар қабылданады. Байқау Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында ұйымдастырылып отыр. Қатысушылар «Қазақстанның киелі жерлер географиясына» Түркістан облысынан енген 24 нысанды әлеуметтік желіде жариялауы қажет. Жазба міндетті түрде #БізкөргенТүркістан #ТүлегенТүркістан #Түркістануалаяты #КиеліТүркістанғасаяхат #Түркістанөлкесінен1сәлфи хэштегтерімен жариялануы тиіс. Әр қатысушы кемінде 20 жариялым жасау керек. Байқау жұмыстары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады. Сайыстың жүлде қоры – 1 миллион 350 мың теңге.

Сөз соңында, Облыстық Ішкі саясат басқармасының басшысы жеңімпаздың біздің оқу ордамыздан шығатына үлкен сенім білдірді.

**Айман ӘЛМЕН,**
**3-курс студенті**

**АЙТЫС. Оқу ордамыздың ғылыми кітапханасында Қазақстан халықтары тілдері күні мерекесіне орай «Тілім менің тірлігімнің айғағы» атты ақындар айтысы өтті.**

Рухани жаңғыру бағдарламасының жетекшісі Ә.Әбуов, профессор Қ.Ергөбек, Филология факультетінің деканы Н.Айтбаева кіріспе сөз сөйлеп, айтыскерлерге сәттілік тіледі. Студенттер арасында ұйымдастырылған аламан айтыста 10 ақын бақтарын сынады. Сөз шеберлерінің сайысына Филология факультетінің деканы Н.Айтбаева, Кентау қаласының құрметті азаматы, мәслихат депутаты К.Сырлыбаев, кәсіпкер меценат Ж.Төлеметов, Түркістан қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Құлбайымбетов әділ қазылық етті. Жас ақындардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында өткен айтыс өте тартысты өтті. Жыр додасының ақтық сайысында Ы. Досжан I орынды, Б.Нұржан II орынды иемденді. III орынға Б. Тілеубек лайық деп танылды. 17-21 қыркүйек аралығын қамтыған «Тілдер мерекесі» апталығын Рухани жаңғыру бағдарламасының жобалық офисі ұйымдастырды. Апталық барысында «Тіл тағдыры — ұлт тағдыры» пікірсайысы, «Үш тілде білім беру бағдарламасына» сәйкес интеллектуалдық ойындар және «Алтын тамыр» атты прозалық, поэзиялық, публицистикалық байқаулары секілді бірқатар мәдени шаралар ұйымдастырылды.Туған тілімiздің мәртебесін көтерген аталмыш іс-шараларға студент-жастар белсене атсалысты.

## 1 - ҚАЗАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

# АРДАГЕРДІ АРДАҚТАЙ БІЛУ – ҰРПАҚ МІНДЕТІ

**1 – қазан Халықаралық қарттар күні. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 15-ші желтоқсандағы № 45/106 қарары негізінде жыл сайын аталып өтеді. Қазақстан Республикасының Конституциясында қарт адамдардың жалпы азаматтық және арнайы құқықтары мен мүдделері, оның ішінде жасы бойынша әлеуметтік қамсыздандыру кепілдіктері бекітілген.**



Еліміз егемендігін жариялағаннан бері саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметі өмірге кеңінен ене бастады. «Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер мұрасы» заңының негізінде «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жарлығына сәйкес Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 2013 жылдың 24 желтоқсанында бастауыш ардагерлер ұйымы құрылып, ашық дауыспен тоғыз адамнан кеңес мүшелері мен төрағасы, орынбасары сайланған болатын. Осылайша, егемендігіміздің шынайы көрінісі Елбасымыздың Жарлығымен құрылған университетімізде жаңа қоғамдық құрылымның тарихы да бастау алды. Ардагерлер кеңесінің мүшелігіне университетіміздің алғашқы қалыптасу кезеңінен бастап, оның өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып келе жатқан ардагер ұстаздар мен қызметкерлер: Кеңес Күлекеев, Әбдіхалық Әбілдаев, Мейірбек Ержанов, Балғабай Нақыпов, Совет Ажаев, Мырзақұл Шынжарбекова, Мираш Қаныбекова және Әбдіманап Әбілқайыровтар ұсынылып, бір ауыздан бекітілді. Университет ардагерлерінің жалпы жиналысына төрағалық жасаған сол кездегі вице-президент Бақытжан Мұхамеджанов жаңадан құрылған қоғамдық ұйым мүшелерін құттықтап отырып, ардагерлер ұйымының негізгі мақсаты мен міндеттеріне тоқталып кетті. Зейнеткер ардагерлердің еңбектерін, жетістіктерін, өнегелі өмірін жас ұрпаққа жеткізу, құрметтеу, олардың құқығын қорғау, қоғамдық өмірден тыс қалмауын, ардагерлердің жоғары деңгейдегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету еді. Сонымен қатар, ардагерлердің материалдық және тұрғын үй жағдайларын, медициналық және басқа да қызмет көрсету түрлерін жақсартуға, тұрмыстық жағдайлары төмен, көп балалы, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларына тиісті көмектердің берілуі тұруына ықпал жасап отыруға, оқу ордамызда ұлтаралық және дінаралық келісімді, тұрақтылықты нығайту жұмыстарына қатысуға, ұлттық салт-дәстүрді насихаттауға, жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеуге, көңіл бөлінуіне, қоғамдық жұмыстарға белсенділік танытып, университетіміз бен қаламыздың дамуына үлес қосқан ардагерлерді марапаттауға ұсынып отыру құқықтары мен міндеттері көзделгені жайлы және ректорат тарапынан ардагерлерге тиісті көңіл бөлініп, қолдау көрсетілетінін хабарлады.

Университетіміз небәрі 27 жыл ішінде Қазақстандағы Халықаралық статусын иеленген іргелі ЖОО атануына, оның қалыптасуы мен өсіп-өркендеуіне қосқан сүбелі үлестері, өздерінің жылы орындарын тастап, нағыз патриот болған ардагер ұстаздарымыздың еңбектері ерлікпен теңеуге тұрарлық. Олардың университет тарихындағы орны да ерекше құрметке лайықты. Солардың алғашқы легі университеттің алғашқы басшылары, бүгінде құрметті ардагер ұстаз атанған, қоғам қайраткерлері М.Жұрынов, С.Піралиев, Н.К.Зиябек, сонымен қатар М.Накип, Б.Жанабаев, А.Ищанов, Б.Байтанаев, Қ.Ергөбек, С.Құрбанходжаев, Ә.Баешов, Т.Ағдарбеков,О.Нұсқабаев, К.Күлекеев, Т.Баймахан, Р.Тәукебаева, Ж.Камалқызы, Ж.Шалқарова, Ә.Әбілдаев, Ж.Сарыбасова, Қ.Байжігітов сияқты азаматтардың ерен еңбектерін ұжым дұрыс бағалай білді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, университет ұжымын даму жолына бағыттай отырып, өздері жайлы қоғамда оң пікір қалыптастыра білді. Олар университет тарихында алтын әріппен жазылуына лайықты тұлғалар деп қарағанымыз орынды болар. Осы орайда айта кететін жайт, университетіміздің құрылғанына 20 жыл толуына орай шығармашылық топ құрылып мерекелік іс-шаралар жоспары түзілді. Университет тарихынан сыр шертетін кітап шығару жоспарланып, жыл бойы барлық кафедралар мен факультеттер деректер жинақтай бастады. Мұрағаттан көптеген құнды мәліметтер алынып, мазмұнына сәйкес іріктеліп дайын болып қалған еді. Өкінішке орай, 20 жылдық мереке тойланбады. Университетіміздің 25 жылдық мерей тойы 2016-2017 оқу жылы барысында мерекелік іс-шаралармен жалғасып, университеттің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан 600-ден астам оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлері, арнайы мерекелік медальдармен марапатталып, олардың ішінде 200-ге жуық ардагерлердің омырауына тағылып, көп жылғы еңбектері бағаланып мерекелік медаль салтанатты кеште табысталды. Бірақ та, қайта жинақталған, толықтырылған, университет тарихынан сыр шертетін, ұжымның көптен күткен кітабы тағы да шықпады. Оның себебі көктемгі Сенат мәжілісінде белгілі болып, қаржы тапшылығымен байланыстырылды. Шығармашылық топтың жыл бойы зерттеген, жинақтаған деректері мен көз жанарын сарп қылған еңбектерінің бәрі құнсыз дүние болып қалғаны, екі мемлекет тарапынан қаржыландырылатын Халықаралық университеттің танымдылығын арттыру мақсатында өз тарихын ұжым мүшелеріне, қоғамға, келешек ұрпаққа ұсына алмағаны өкінішті-ақ...

Университетіміздің ардагерлер ұйымының кеңес мүшелері соңғы 3-4 жыл көлемінде өздерінің әріптестерімен бірлесіп, қызмет жасайтын кафедраларында, факультеттерінде студент жастармен, мектеп оқушылары арасында ардагер ұстаздардың өмір жолдарын, білім мен ғылым жолындағы жетістіктерін мақтан тұтып кездесулер, дөңгелек үстелдер, сұхбаттар ұйымдастырылды. Жастарға жарқын болашаққа барар басты жол білім мен ғылым екендігін ұғындыра отырып қызығушылығын арттыруға, мамандықты дұрыс таңдау, әлемдік бәсекелестікке лайықты, сұранысқа ие мамандықтарды таңдай білуге бағыт-бағдар беруде. Сонымен қатар қазіргі таңдағы университетіміздің халықаралық стандарттарға сай білім беру үрдістерін кеңінен ендіріп отырғанын, сұранысқа ие мамандарды даярлауда берері мол екендігін ұғындыру, қызықтыру бағытында белсенділік танытуда.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын білім алушы жастарға насихаттау мақсатында университетімізде бекітілген іс-жоспарға сәйкес ардагер-ұстаздарымыз бен эдвайзерлердің қатысуымен 20-дан астам кездесулер өткізіліп, 1000-ға жуық студенттер қамтылды. Медицина, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, өнер факультеттерінде ұйымдастырылған кездесулер тартымды, әрі қызықты өтті. Ардагер ұстаздарымыз профессорлар И.Ишигов, С.Ажаев, С.Садық, Қ.Ергөбек, Б.Сердәлі, Г.Еркебаева, Б.Мырзалиев, доценттер Р. Нұрланбекова, Г.Тоққұлова, Ә.Әсібеков сияқты танымалы, білікті ұстаз ғалымдарымыз мақаладағы басым бағыттар бойынша талдау жасап, оқырман қауымға – мақаланы аса маңызды құжат ретінде «Қоғамдық сананы жаңғырту, яғни бұлар ұлттық дамуымыздың негізгі тірегі болатын концепциялар, бір-бірімен сабақтасып жатқан идеялар екенін» кеңінен насихаттап келеді.



Түркістан ішкі саясат бөлімі мен қалалық «Жастар ресурстық орталығының бастамасымен Дүниежүзілік студенттер күніне орай қала көлемінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәдениет орталығында «Жастар – рухани жаңғырудың жаршысы» атты форум өткізіліп, «Қариясы бар елдің – қазынасы бар» деген дана халқымыздың қадір тұтқан ардагер-ұстаздарымыздың өнегеге толы өмірінен тәлім-тәрбие, ақыл-кеңестері ортаға салынды.

Қазіргі таңда Ардагер ұйымы университет құрылымындағы тұғыры таймаған қоғамдық ұйымы болып табылады. Соңғы екі жыл көлемінде Ардагерлер ұйымының кеңес мүшелері Р.Нұрланбекова, Ә.Әсібеков, С.Садық, Ш.Сейденов, Ә.Темірбеков, Г.Тоққұлова және Б.Ибрагимовтермен толықтырылды. 2014 жылы зейнет жасына толған 83 ардагер болса, бүгінде 179 ардагер есепте, олардың 88-і ер, 91-і әйел азаматтары. Зейнеткерлік демалыста – 99, қызметтерін жалғастырып жатқандары – 80 ардагер, олардың ішінде ғылыми дәрежесі мен атағы барлар: ғылым докторы–28, кандидаттары–38, қызметкерлер – 16, яғни қызметін жалғастырып жатқан 80 ардагерлердің 80% жуығында ғылыми дәрежесі мен атағы бар дарынды,білікті ұстаздар. Олар тек білікті ұстаз ғана емес, өмірлік тәжірибесі мол, күнделікті «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін» кеңінен пайдалануға, оқу-әдістемелік үрдістеріндегі жаңа формаларды игеруге, тәжірибеге ендіруге ұмтылыста жүрген ұстаздар қауымы. 2017-2018 оқу жылындағы рейтингісі индикативті оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстардың қорытындысы бойынша 800-ден астам ОПҚ қатысқан болса, олардың алғашқы 10 үздік оқытушының 4-еуі ардагер ұстаздар болып отыр. Олардың қатарында профессорлар Аманкүл Ақбасова, Серікбай Ыдырыс, Бораш Мырзалиев, Роза Сыздықовалар еніп отыр. Ардагер ұстаздарымыздың үздіктердің қатарынан қалмай, өнегелі өмір талабынан, бәсекелестіктен қалыспай, қабілеттілігінің жоғары екендігін, білім алушыларға берер ілімінің барын дәлелдеп отыр.

Ардагер ұстаздардың өздеріне тән қасиеттерінің бірі турашылдығы мен талапшылдығы, байсалдылығы мен сабырлығы, былайша бір-біріне сай келе бермейтін қасиеттер, қайшылығы бар болып көрінгенмен жоғары да айтылған қасиеттердің ұстаз бойынан табылатындығы, орнымен іске асыра білетіндігі керемет дүние. Сонымен қатар ардагер өнегелі әке және ана, балаларының қамқоршысы, жастар тәрбиесіне аса мән беретін жандар. Сондықтан да, қатарымызда жүрген ардагер ұстаздарға құрмет көрсету, мақтаныш тұту, ардақтай білу – ұрпақ міндеті екенін ұмытпай жүрсек.

Жалпы университет ардагерлері Түркістан қалалық ҰОС және еңбек ардагерлері ұйымының төрағасы Ж.Құлбайымбетов, ақсақалдар алқасының төрағасы Ж.Әзіретбергенов, қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы А.Әбдіқадыров, Ауған соғысының ардагерлер ұйымының төрағасы А.Қожабаев, басқа да қоғамдық бірлестіктер мен түрлі ұлт өкілдерінің этномәдени орталықтарымен байланыс орнатып, Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жайлы бірлескен жоспар жасалынып, жас ұрпақты отансүйгіштікке, еліміздің ұлттық құндылықтарын құрметтеуге, Елбасының саясатының жүзеге асуын қамтамасыз ету мақсатында елімізде болып жатқан барлық маңызды іс-шараларға жас ұстаздар мен студент жастарды кеңінен жұмылдырып, бірлесіп іске асырудамыз.

Алдағы толқынның алда атқарар істері әлі де жетерлік. Ардагерлер кеңесінің даусы да, салмағы да зор. Өткенді саралай отырып, келешек ұрпаққа жеткізу – үлкен үрдіс. Сондықтан әрбір азамат үшін рухани жаңғыру ауадай қажет. Ұлттық сананы жаңғырту бұл әуелі өзінің ұлттық санасын көтеруден бастау алуы тиіс. Осы мәселені шешу жолында әркім өзін-өзі тәрбиелей, түзей, масаттанудан, әдепсіздіктен, көзбояушылықтан, астамшылдықтан құтылу, жас ұрпақты қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа, еңбекқорлыққа, сыйластыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге жол көрсету бастысы міндетіміз - деп түсінетін де ұстаздар қауымы.

Сананы өзгерту – саяси реформа мен экономикалық жаңғырудан да ауқымды іргелі іс. Бұл бір күндік жастарды тәрбиелейтін жұмыс емес екенін ардагер ұстаздар жақсы түсінеді. Жаңа сапалық деңгейде білім беру, ең заманауи, таңдаулы үлгілерді үйретуді жалғастыруды, сөзден гөрі іспен жауап беретін өркениет деңгейіне көтерілуіне аға буынның қосары жоқ емес.

Университетіміздің жаңадан тағайындалған ректоры биология ғылымдарының докторы, профессор Болатбек Абдрасилов жаңа оқу жылының басында білім күніне орай Сенат мәжілісінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуінің үшінші бастамасы негізінде басты көңіл аударатын мәселелердің бірі «Университеттің әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесін қалыптастыру және студенттердің тұратын жеріне, жатақханасына жағдай жасалынатыны жайлы жоспарын көпшілікке жеткізді. Сонымен қатар, университетіміздің қалыптасуы мен дамуына өз үлестерін қосып отырған ардагер ұстаздардың еңбектерін арнайы атап, қошемет көрсетіп отыру, ақыл-кеңестерін ескеріп отыру біздің парызымыз деген ниетін білдірді. Осы орайда, Ұлы Абайдың «Адам ата – анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды», «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады», «Қартая білу де қасиет» деген көрегендік қара сөздерінің өміршеңдігін көрсетіп жүрген де ардагер ұстаздар қауымы екендігі дәлелді дүние екені ойға келеді. Түркі әлемінің жоғары деңгейі ортақ университеті атануына қарқынды бағыт алған университеттің жаңа басшылығына Түркістан қаласының құрметті азаматтары мен ардагер-ұстаздары ұжымға ынтымақ пен бірлік тілеп, жаңа бастамаларды қолдап, жетістіктерге бірге жетуге ақ батасын беріп жатты.

Университет ұжымын, ардақты ардагер ұстаздарды жаңа оқу жылының басталуымен және адамшылық үшін көптің қамын жеп, жастарға жол көрсетіп жүрген қарияларды алдағы келе жатқан Халықаралық қарттар күні мерекесімен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, сапалы білім мен тәрбие беруде шығармашылық табыс тілеймін!

***Балғабай НАҚЫПОВ,***
**Заң ғылымдарының докторы, профессор, университет ардагерлер ұйымының төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері.**



# Студенттер беті

# АУДИТОРИЯ

## РЕКТОРМЕН ӘН САЛҒАН СТУДЕНТ

**Руслан Төлеген - Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 2-курс студенті. Сегіз қырлы бір сырлы өнерлі жігіт университеттегі қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысады. Жуырда университет ректорымен бірге ән айтқан болатын. Біз де өз кезегінде Русланмен әңгіме өрбіткен едік. Назарларыңызға ұсынамыз.**

— **Өнерге қашан келдіңіз?**

— Өнерге жалпы 5-сыныптан бастап келдім.

— **Музыкалық мектепке бардыңыз ба?**

— Ия, бардым. Онда домбыраны 5 жыл оқыдым.

- **Бұл уақытқа дейін ән байқауларына қатыстыңыз ба?**

— Ия, мектепте оқып жүргенімде көптеген облыстық, республикалық жарыстарға қатысқанмын. Атап өтсем, Облыстық «Шабыт» фестивалінен бас жүлде жеңіп алдым. Сондай-ақ, Республикалық «Жарқын болашақ» атты ән фестивалінен І орынды иеленгенмін. Ал университеттен жеткен жетістігім, «Дарын-2018» байқауынан эстрадалық ән байқауынан бас жүлде иегерімін.

— **Оқу ордамыздың басшысымен өнер көрсеткеннен кейін, танымалдылық артты ма? Дуэт болып ән айту, кімнің тарапынан түскен ұсыныс?**

— Ия, танымалдылық артты. Біздің оқу ордамыздың ректоры Болатбек Серікбайұлы өнерге жақын жан екен, өнерді қолдайды. Бірақ, ән айту жағынан продюсерлік орталықтан, яғни Асылзат Өтжанқызының ықпалы болды деп ойлаймын.



— **Оқу ордамыздың жаңа ректоры Болатбек Серікбайұлымен ең алғаш ән айту бақыты сізге бұйырған екен. Қандай сезімде болдыңыз? Дуэт жайлы алдын ала жоспарланды ма? Дайындық болды ма?**

— Өте керемет сезімде болдым. Қуанышым шексіз болды. Дайындық болған жоқ, тіпті ол кісімен ән айту жайлы хабарым да болған жоқ. Концерт болардан бір күн бұрын ғана естідім.

— **Бұдан кейін сізге продюсер болғысы келіп хабарласқандар болды ма?**

— Жоқ, әзірге ондай ұсыныс түскен жоқ.

— **«Жігітке жеті өнер де аз» дейді ғой, бұдан өзге бойыңызда қандай өнеріңіз бар?**

— Гитарада ойнаймын, актерлық қасиеттерім де бар (күліп).

- **Бос уақытыңызда немен айналысасыз?**

— Бос уақытымда гитарамен ән айтамын, спортпен айналысамын.

— **Болашақтағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз.**

— Алдағы уақытта өнер жағынан Іңкәр деген қызбен дуэт құрғалы жатырмыз. Алла қаласа, дуэт болып, көптеген шыңдарды бағындыру жоспарлануда. Конкурстарға, фестивальдарға, концерттерге енді дуэт болып шығамыз. Ал, өзімнің мамандығым бойынша үлкен ғылыми жоба дайындап жатырмын. Жеке кәсіпкерлікті және ауылшаруашылығын дамыту, инфляцияны болдырмау деген сияқты өзекті тақырыптарды қозғамақпын.

— **Алдағы уақытта өз мамандығыңыз бойынша жұмыс жасайсыз ба, әлде өнер жолын таңдайсыз ба? Жалпы, мамандықтан қателестім деп ойламайсыз ба?**

— Жоқ, мамандықтан қателеспедім және мамандығым бойынша жұмыс жасаймын. Мен бала кезімнен осы мамандыққа қызығып келе жатырмын. Ата-анам да осы салада жұмыс жасайды. Бірақ бұл үшін емес, өзіме ұнағандықтан осы саланы таңдадым.

— **Сәттілік тілеймін! Бойыңыздағы басты кемшіліктерді атап өтсеңіз?**

— Менің кемшілігім, кейде өзімшіл болып кетемін.

— **Сіздің ойыңызша, қазақ жігіті қандай болуы керек?**

— Қазақ жігіті еліне жанашыр, патриоттық сезімі бірінші орында тұруы керек. Сабырлы, салмақты, сөзге шебер болмаса да, іске шебер болу керек деп ойлаймын.

— **Дауысыңыздың тембрі қандай? Дауысыңыздың жақсы шығуы үшін күтінесіз бе, әлде табиғи дауыс па?**

— Дауысым баритон. Шынымды айтсам, ешқандай күтім жасамаймын. Табиғи дауыс.

— **Қыздар тарапынан сізбен танысуға ұсыныстар болып тұрады ма? Отбасын қашан құру ойыңызда бар?**

— Қыздар жағынан әлі де танысуға ұсыныстар келіп жатыр. Оның ішінде шетелдік студенттер де бар.

— **Шетелдік азаматшамен отбасын құруға қалай қарайсыз?**

— Маған отбасын құру туралы ойлауға қазір ерте деп ойлаймын. Бірақ, шетелдік азаматшамен отбасын құрмаймын. Қазақ болған соң, қазақ қызымен отбасын құрамын ғой.

— **Өнерде сіз бағындырған белестер қандай?**

— «Дарын-2018» байқауында композитор Әлімбай Ботқараев «Гүл мекенім - Түркістан» деген әнін сыйға тартқан болатын. Толық авторлық сертификатпен. Менің авторлық әнім және жетістігім деп ойлаймын. Келешектегі арманымның бірі, күлкілі көрінетін шығар, бірақ Әнұранымызды айтқым келеді. Соған қол жеткізгім келеді. Дауысым да келеді деген ойдамын.

— **Арманыңызға жетуіңізге тілектеспін! Алдағы уақытта тек қана биік белестерден көрінуге тілектеспіз.**

Әңгімелескен:
**Сәуле ФАРХАТҚЫЗЫ**

## ОҢАЙ ОЛЖА

**Бүгінгі қоғамдағы жастар бос уақытын түрліше өткізеді. Қанша адам болса сонша пікір, сонша қызығушылық, талап бар. Ал, еліміздің ертеңі – жастар, бос уақыттарын қалай өткізуде? Қазіргі таңда ғаламтор жүйесінде отыратын жастар көп. Алайда, барлығы емес. Бірі кітапқа қызығушылық танытса, бірі түрлі тіл курстарына қатысады.Ал баз біреуі күнін ойынсауықтыру орталығында өткізсе, бірі тәтті тағам түрлеріне арналған курстарға қатысуда.**

Бұл жоғары оқу орнында оқитын студенттерге тән қызығушылықтар. Ал мектеп қабырғасында жүрген оқушылар уақытты қалай тиімді пайдаланады?! Оларға ата-анасы жиі уақыт бөле ма? Бүгінде көп ата-аналардың балаларына қарауға уақыты жоқ. Жұмыс басты. Қаржының жетіспеушілігінен түрлі іс-әрекетке баруға тура келеді. Мына қоғамда бүлдіршіндер немен айналысып жатыр, қандай ортада жүр, оған тіпті уақыт жоқ. Себебі, қоғамда өмір сүру қиынға соғып жатыр. Қараусыз қалған балалар өз еріктерімен жүріп тұрады. Интернетте отырады, немен айналысып отырғанын білмейді. Жеңіл жолмен ақша тапқысы келеді. Интернетте жарнамаланып жатқан дүниелерге қызығушылық танытып, өзге ағымның жетегінде кетіп жатқан жастар қаншама?! Бүгінде ғаламторда «декреттегі аналарға, студенттерге арналған жұмыс», «тегін бизнес курс», «үйде отырып ақша тапқыңыз келеді ме?», «глобус» деген сынды жарнамаларды көптеп көзіміз шалады? Бұл қандай табыс көзі? Ғаламтордағы осы жарнамалардың өзі бала психологиясына әсер етері анық. Жеңіл жолмен ақша табуды көздейді. Осы жарнаманың ішіндегі «Глобусқа» тіркеліп көрдім. Қаржыдан қысылмайсың, уақытты ұтымды пайдаланасыз деген жарнама кімге де болса қызығушылық танытары сөзсіз. Одан не пайда көрдім? Арнайы бағдарламаны телефон жүйесіне енгізіп, келген жарнаманы ашып, не жойып отырасың. Бар болғаны осы. Бірақ, ол жарнаманың адам санасын улайтыны анық. Түрлі жарнама келеді, оның ішінде балаларға көруге болмайтын дүниелер көп кездеседі. Сол жарнама арқылы ақша табасың. Бұл ғаламтор жүйесіндегі ақша табу жүйесі. Ал көшеде ше? Кез-келген саябаққа бара қалсаң тиын сұрап жалынып жүрген баланы көресің. Оларды біреу мәжбүрлейді ме, әлде өз еріктерімен жасап жүр ме? Түрлеріне қарасаң тәп-тәуір балалар. Киімдері таза. Балалардың саябаққа бұлай ақша сұрап, кім-көрінгеннен ақша сұрап жүргендерін ата-аналары біледі ме? Бүгінгі жас – еліміздің ертеңі. Жеңіл жүріспен жүргісі келетін баланы дұрыс жолға салу қоғамның қолында. Сондықтан, жастарға дұрыс жол сілтеу қажет. Елдің ертеңін ойлайтын, ұлтжанды, мықты ұрпақ тәрбиелеу, сіз бен біздің қолымызда! Қасымызда отырған кез-келген бүлдіршін біздің аға-іні, сіңілі-қарындасымыз. Кез-келген жағдайда тығырықтан шығатын жол сілтеп, жөн көрсетейік. Сонда ғана еліміздің ертеңі – мықты, іргесі берік ел болады.

**Сәуле БЕКТЕМБАЙ**

## БУКМЕКЕРГЕ ЖЕМ БОЛДЫ, ТАЛАЙ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ

**Оңай олжаға кенелуді кім қаламасын?! Жасы бар, жасамысы бар ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүруден бас тартпасы анық. Күнімізде жастарымыздың құлқынының құлпын бұзған құмар ойындары үйдегі ата-ананың жүйкесін жұқартып, арам ойынға арандатушылардың қалтасын қалыңдатуда. Әсіресе, букмекерге бәс тігушілердің саны күннен күнге көбеюде.**

Деректерге сүйенсек, бәс тігу ежелгі Рим заманында пайда болған көрінеді. Бастапқыда "бәс" тек жекпе-жек түрлеріне және ит, қораз төбелестеріне тігілсе, XX ғасырдан бастап спорттың кез-келген түріне тігіле бастапты. Өткен ғасырдың соңында букмекерлік кеңселер біздің елімізде де өз жұмыстарын бастауға кірісті. Әлемдік спортта букмекерлік кеңселердің алар орны ерекше. Себебі, Әлем чемпионаты, Олимпиада ойындары секілді байрақты бәсекелерде спорт журналистикасы өкілдері жеңімпаздарды букмекерлердің берген бағаларына қарай саралайды. Ал, кейбір қулығына құрық бойламағандары футбол, теннис, бокс сияқты спорт түрлерінің танымал деген спортшыларымен астыртын келісімге келіп, ойын нәтижесіне тікелей араласып отырады. Сондықтан да мұнда жеңімпазды дөп басып айту неғайбыл. Тек мыңнан бірінің ғана бағы жанып, мол ұтысқа ие болуы мүмкін. Дамыған Батыс елдерінде бәс тігуге қатаң тыйым салынған. Ал, біздің елде олардың саны дәріханалар мен балабақшалардың санымен шамалас. Психологтардың айтуына қарағанда, бәс тігу де тәуелділіктің бір түрі. Көп жағдайларда жоғары сынып оқушылары мен студенттер қолдағы бар қаражатын букмекерлік орталыққа арнауға асық. Әйткенмен, оңай олжа орға жығарын естен шығармаған абзал.

**Бақдәулет АНАРБАЕВ,**
**2-курс студенті**

СТУДЕНТ ОЙ АЙТАДЫ...

# ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ!

***Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең күрделі де маңызды қадам. Мамандық әр адамның өз жүрек қалауымен таңдалуы тиіс.Әр кәсіптің көтерген жүгі, атқаратын міндеті әр түрлі болады. Қай мамандықты алып қарасақ та, біз білмейтін құпиялары, жұмбақ сыры мен қат – қабат қиындықтары болады.***

***Әр адам таңдаған кәсібінен, оның түрлі қиындықтарына қарамастан жанын жадыратар, көңілін сергітер рақатқа бөленсе керек.***

***- Сен де бір кірпіш дүниеге,***

***Кетігін тап та, бар қалан, - деп қазақтың ұлы ақыны Абай жырлағандай, адам өмірдегі өз орнын табуы үшін, мамандықты жаңылмай таңдауы қажет.***

***Таңдау дұрыс жасалып, мақсатқа жету жолында өз білімімізді ұштай білсек, алдымыздан үлкен ақ жол ашылары сөзсіз. Өмірде адам баласы жеңбейтін қиындық болмайды. Асу бермес асқарды жеңу үшін шыдамды болуы қажет. Сонда ғана ойлаған мақсатыңа жетесің.***



Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бір сөзінде «Бүгінгі күн талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік – жігері бар адамдардың уақыты» деген болатын. Сондықтан да мен де жігерімді шыңдап, арманымды алдыма үміт етіп, жүрек қалауымен жасадым. Мен журналистік мамандықтың сан қилы қыр-сырын меңгергім келеді.

Баспасөздің адам өміріндегі, қоғам дамуындағы орны ерекше. Бүгінгі күнді халықтың рухани толысуына, мәдени өсуіне қызмет ететін бұқаралық ақпарат құралдарынсыз елестету де мүмкін емес. Журналистика саласы шыдамдылық пен зеректікті, алғырлықты талап ететін, қызығы мен шыжығы қатар жүретін қызықты мамандық. Менің пайымдауымша, журналист жан – жақты, еңбекқор болуымен қатар, барлық саладан хабары бар, жауапкершілігі мол тіл жанашыры болуы тиіс.

Журналистика – әрдайым жаңалыққа ұмтылған, ізденіс пен шексіз шығармашылықтың ортасы. Журналист – қоғам жанының инженері.

Мақсатсыз адам – ескексіз қайықпен тең. Бұл қағида адам баласының рухын биік ұстауға, алға өзін жетелей білетін қиын сәтте жанға демеу беретін құдіретті күш деп ойлаймын. Әр адамның жан дүниесінде, жүрек түкпірінде тамыр жайған арманы, өмірлік ұстанымы болады. Олар сенімен бірге өседі, өркендейді. Дәл осындай аласармайтын асқақ арман, балаң жүрегімнің қалауы – қаламы қарымды журналист болу. Балауса бала күндерімнен ойыма оралған орамды ойлардың бәрін қаламның ұшымен ақ қағаздың бетіне түсірдім. Кітап, газет оқуды машыққа айналдырдым. Теледидар бағдарламаларын, жүргізуші апаларымыздың татымды сөздерін тыңдадым. Көркем әдебиет кейіпкерлерімен танысып, сырласып, жақсысына еліктеп өстім.

